

ELEMENT

FOR THE

«Тимур және оның командасы»



Бұдан 50 жыл бұрын одақтық «Футбол» апталығы осындай тақырыппен мақала жариялап еді

Тимур Сегізбаев! Футболға қатысы болсын-болмасын, бұл ойынды ұнатсын-ұнатпасын, мейлі, біздің елімізде оның аты-жөнін білмейтін адам жоқ. Көзінің тірісінде, тіпті сонау жігіттіктің желенін енді жамыла бастаған шағында-ақ аты аңызға айналған адам. Күллі қазақтың мақтанышы. «Қайраттың» ең бір жұлдызды шағында команданы алаңға бастап шығып тұрған капитаны. Кейін егемен еліміздің алғаш құрылған Футбол одағының президенті, вице-президенті және бас хатшысы болған Тимур Санжарұлы туралы тағы да сөз етудің орайы келіп отыр.

Шын мәнінде, Қазақстан футбол жанкүйерлері үшін «Қайрат» пен Сегізбаев – әсте бір ұғым. Республика футболы мен «Қайрат» құрамында одан бұрынырақ көрінген, жастары да үлкен қазақ нәсілді басқа да футболшылар бар еді. Біз олардың қатарында Болат Ишанов, Өмірбек Бекбосынов, Болат Артықов, Сайлаубек Есімбеков, Әлім Құрымбаев секілді ағаларымыздың болғанын жақсы білеміз. Бірақ олардың бірде-бірі тура Тимур аға секілді қазақ футболының көгінде жарқырап жана алмады. Одан қалды, қандастарымыздың арасында футболдан «КСРО спорт шебері» деген атақты бірінші болып алған да Сегізбаев болды.

Өзінің сол кезде туған құрбы-құрдастары тәрізді Тимурдың шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап балалық шағы қиындыққа толы болды. Оның кіндік

каны жер-көкті жалмайтын сұрапыл соғыстың басталуына бар-жоғы үш апта уақыт қалғанда Семейде тамды. Оның әкесі Санжар Сегізбаев заманына сай білімді адам еді. Білгір заңгер ретінде қызмет сатысымен тез көтеріліп, кезінде Мәскеуде отырып, Қырғыз КСР-і заңнамалық комитетін басқарған. Содан соң қызметін Қырғызстан астанасы Фрунзеде (қазіргі Бішкек) жалғастырып, республика Жоғарғы Сотының төрағасы болады. Кейін Қазақстанға оралып, мансабын Министрлер Кеңесіндегі жауапты қызметпен аяқтады. Ал анасы Жібек сол қиын кезеңдердің өзінде жұмыс та істеп, үйге де қарап, балаларына дұрыс тәрбие беруге үлгеріп жүреді. Бала демекші, бұл отбасында сегіз бала тәрбиеленіп өседі. Жалпы, анасы 14 құрсақ көтерген екен, солардың алтауы сәби кездерінде шетінеп, қалған сегізі азамат болып ер жетеді. Тимур болса, үйдегі ұл балалардың үлкені еді. Балалық шағы Алматы қаласында өткен ол соғыстан кейінгі кезеңдегі жастардың ынтасына еріп, спорттың біраз түрімен шұғылданып көреді. Сол күштарлықпен жүзуге де барды, шаңғыға да жазылды, баскетбол мен хоккейге де аялдады. Бірақ, айналып келгенде, балақай сол кезден-ақ жұрттың бәрін иілдіріп қойған футболдың ауласына қалай біржола кіріп кеткенін сезбей қалды.

– Бізде доп дейтін доп та болған жоқ, – деп еске алады Тимур Санжарұлы қазір сол кездерді. – Шүберектен жентектеліп жасалған жұмыр телпекті жалаң аяғымызбен аямай соққылайтынбыз. Азаннан кешке дейін футбол ойнаудан жалықпаушы едік. Кейінірек әкей қазіргі 28 гвардияшы-панфиловшылар паркі аумағынан жаңа үй алып, сол жаққа көшіп бардық. Парк біздің футбол шайқастары өтетін нағыз аренамызға айналды. Бір жазда әкем мені Талғар шатқалында орналасқан «Артыбұлақ» пионер лагеріне тынығуға жіберді. Үшінші ауысымда кіл жоғары сыныптың балалары жиналып қалған екенбіз, бәрі де шетінен футболшы, команда құрып алып, Алматы маңындағы басқа лагерьлердің жасақтарымен кездесіп тұруды кестеге енгіздік. Ойындарды өткізу үшін М.Горький атындағы мәдениет және демалыс паркіндегі «Спартак» стадионына келетінбіз. Осы жерде мені «Авангард» балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Георгий Козелько байқап қалыпты. Біз қысқартып «Гесеич» деп атайтын сол кісі менің бірінші жаттықтырушым да болды...

Тимурдың бұдан кейінгі өмір жолы күрт өзгеріп, спортшылық жолға түсіп кетуіне осы бірінші бапкер қатты әсер етіпті. Әйтпесе, бала жасынан геолог боламын деп армандап жүрген ол футболға біржола бет бұрамын деп тіпті де ойламаған еді. Әсер еткенде, ол қолы-нан ұстап тұрып: «Қалайда футболшы бол» деген жоқ. Бұған ұқсас бір ауыз сөз де айтпаған. Тек Гесеичтің мұны 1957 жылы Ригада өткен КСРО жоғары сынып оқушылары арасындағы спартакиадасына Қазақстан құрамасы сапында алып барғаны болмаса! Бұлар жолай Мәскеу арқылы жүрді, Одақтың ең басты спорт аренасы саналатын «Лужники» стадионын көру үшін осында бір күнге кідірді. Бұдан бір жыл ғана бұрын пайдалануға берілген ғаламат сұлу ғимаратта сол күні КСРО және Чехословакия құрамалары кездесті. Осында отырып, 16 жастағы

жасөспірім алып стадионның қазаны қалай бұрқылдайтынын көрді, 20 жастағы Эдуард Стрельцовтың таңғажайып ойынын тамашалады. Осы стадионда көргендері мен талантты футболшы ойынының өзі балаң жігіттің футболға екінші қайтара ғашық болуына жетіп жатты.

Келесі жазда, мектеп бітірген соң Тимур Қазақ дене тәрбиесі институтына оқуға түсті. Әлбетте, әкесі Санжар баласының спортшы болып кететінін қалаған жоқ. «Қайдағы бір денешынықтырушы деген мамандықты таңдадың» деп көпке дейін ұрсып та жүрді. Ол тек баласы институтты бітіріп, «Қайраттың» капитаны атанған кезінен бастап қана оның таңдауының дұрыс болғанын мойындайды. Мойындағаны сол, «Қайраттың» өз алаңындағы барлық ойындарын құр жібермей көріп, ұлы үшін нағыз шырпыры шығып отыратын жанкүйерге айналады. Бірақ бұл кезге жету үшін де Тимурға әлі біраз уақыт тер төгу керек еді. Институттың екінші курсына оқып жүрген кезінде оның сол кездегі ректоры, қазақтың тұлғалы азаматтарының бірі Хамза Мұхамеджанов кабинетіне шақырып алып, республиканың бас командасы – «Қайраттың» мұны өз құрамына алуға ынта білдіріп отырғанын жеткізді. Бұл бір жағы келесі, 1960 жылдан бастап Одақ футбол шаруашылығында үлкен реформалар жасалып, чемпионаттың «А» класының бірінші тобы деген жоғары эшелонның құрылатынына, оған одақтас республикалардың барлығынан дерлік бір-бір команда қатысқалы тұрғанына байланысты жасалып жатқан қозғалыс болса керек. Ендеше, Тимурға үлкен мүмкіндік берілгелі тұр, демек, оны пайдаланып қалған жөн. Ұстаз ойы осылай шықты.

Осыдан бастап «Қайрат» пен Тимур Сегізбаевтың өмірі бір-бірімен ешқашан ажырамастай болып жалғанды. Өзімен бірге 8 одақтас республика астаналарының және РСФСР мен Украинаның бұрынғы орталықтары Ленинград пен Харьковтің жасақтарымен, барлығы 10 командамен толыққан жоғары эшелонда «Қайрат» та тіршілігін бастап кетті. Республика спортының басшылары ұжымды чемпионатқа сақадай-сай етіп әзірлеу үшін Мәскеуде Одақ Футбол федерациясында жауапты қызмет атқарып отырған маман Николай Глебовты шақырды. Обалы не керек, бұл жұмысқа Николай Яковлевич жанын сала кірісті. Жаңа аға жаттықтырушы барлық шепті күшейту мақсатында сырттан көптеген ойыншылар әкеліп, нағыз жауынгерлік құрам қалыптастырды. Сол ортада Тимур да біртіндеп шыңдалып жетілді. Ал 1960 жылдың 14 мамыры жалғыз Сегізбаев үшін ғана емес, күллі қазақ футболы және оның нағыз жанашырлары үшін мәңгі есте қалатын күн болды. Осы күні Тимур «Қайраттың» негізгі құрамында тұңғыш рет жасыл алаңға шықты. Чемпионаттың басталғанына бір айдан жаңа асқан. Жетінші турдың ойыны. Минскіде жергілікті «Беларусь» командасына қарсы. Бұл тұста сыртта өткізген төрт ойыны мен өз алаңындағы бір матчын (осының алдында!) түгел жеңіспен аяқтаған минскіліктер кім-кімге де шекесінен қарайды. Оған қарағанда, осы кезге дейінгі алты ойынында бір-ақ рет тең түскен (оның өзі Алматыдағы маусымашар ойында болған),

чемпионаттағы бірінші голын да осының алдында Мәскеуде «Локомотивпен» өткен матчында ғана соға алған «Қайраттың» турнир кестесіндегі жағдайы тіптен нашар-тын. Міне, осылай әпі-тәпі болып тұрған шағында команданың құрамында 19 жасар баланың шыға келгені сол кезде талайды таңғалдырғаны анық. Бірақ осыдан екі күн ғана бұрын туған күнін атап өткен бозбала өзін «бала екенмін» демеді, ойын басталғаннан аттары дүрілдеп тұрған алаң иелері қақпасынан саңылау іздеуге кірісті. Тимур бұл матчта сол іздегенін тапты да. Баяғы Ригада Армения құрамасынан 0:5 болып жеңіліп жатқандарында, екінші таймда жауап 5 гол соғып есепті теңестіргені бар еді, сол кездегі мергендігі қайта оянғандай болды. Ол әр таймда бір-бір голдан соғып, бұған дейін жүндері жығылып көрмеген қарсыластарын ту-талақай етіп жеңіп қайтты. Тимурдың екі голы да керемет соғылды. Оның біріншісінде 15 метр жерден қатты ұрды. Шамасы, қақпашы Альберт Денисенко мұны күтпесе керек, допқа кештеу секірді. Екіншісінде жартылай қорғаушы Леонид Остроушко қапталдаса беріп, әдемі доп шығарып берді. Оны да біздің шабуылшы тоқтатпастан тартты. Доп зымыраған қалпы қақпаның алыс бұрышына барып қадала қалды. Есеп – 2:0!

Осы ойыннан кейін Тимурдың аты аңызға айналды. Оның керемет соққысы туралы небір аңызға бергісіз әңгімелер осыдан кейін шықты. Оң аяғының соққысы аса қатты екені, онымен тебуге төрешілер рұқсат етпейтіні, сондықтан бұл аяғын қызыл шүберекпен таңып жүретіні, бұдан әрі қарсыластарының бірі қақпаға маймыл қойғаны сияқты ертегі тектес қауесеттер осы кезде кеңінен тарады. Сол сияқты Қазақ КСР Орталық стадионы алдындағы доп теуіп келе жатқан футболшының прототипі тап осы Тимур Сегізбаев екені жайлы да кейінірек жиі айтыла бастады. Шын мәнінде бұл мүсіннің қойылуына «Қайраттың» 1964 жылдың 26 тамызында Мәскеуде «Спартакты» да 2:0 етіп жеңіп қайтуы, екі допты да Тимурдың соғуы себеп болған сияқты. Күн сәрсенбі еді. Сәрсенбінің сәті біздің қаһарманымыздың жолын ашып берді. Осы дубль «Қайратпен» бірге оның белді ойыншысы Тимур Сегізбаевтың да даңқын бірден аспандатып жіберді. Матч біткеннен кейін «Спартакты» қолдан құрған, оған осы атауды бергізген атақты Николай Старостиннің өзі қайраттықтардың шешінетін бөлмесіне келіп, Тимурдың қолын алды. Ол алматылықтардың бүгінгі ойынынан да, оның белді футболшысы Сегізбаев соққан голдардан да тамаша ләззат алғанын шын көңілден жайып салды. Келесі күні одақтың «Футбол» апталығы осы матч туралы «Тимур және оның командасы» деп аталатын көлемді мақала жариялады. Осыдан бастап мамандар «Қайраттың» мызғымас мығым қорғаныс шебін «темір-бетонмен» шендестіре бастады. Ал Тимур команданың капитаны болып тағайындалды.

Сол жылдары «Қайрат» нағыз халықтық командаға айналды. Оның капитандық штурвалында Сегізбаев тұрған кезде Алматының Орталық стадионында өтетін барлық ойынға жұрт өте-мөте көп жиналатын. Алдын ала билет алып қоймағандар матч алдында сабылып, ішке кіретін жол таппай

шауып жүретін. Команданы республиканың жасы мен кәрісі түгел жанындай жақсы көрді. Оның әрбір матчының статистикалық есебін жүргізетін әуесқойларда есеп болмайтын. Әр кездесу сайын оның кіру билеті тұрмақ, бағдарламаларының өзі табылмай қалатын. Былайынша айтқанда, «Қайрат» сол ойында жеңсе де, жеңілсе де, Алматыдағы әрбір матч жанкүйерлер үшін мереке еді. Міне, қазақ жұртына сол мерекені алғаш алып берген, сол ұғымды санасына сіңірген Тимур Сегізбаев болды. Жұрт Сейітжан Байшақовты да, Владимир Асылбаевты да, Юрий Мусинді де, Сейілда Байшақовты да, Құралбек Ордабаевты да кейін көрді.

Алпысыншы жылдардың ортасына қарай «Қайраттың» республикадағы даңқы матчтан матчқа өсті. Футбол Алматы мен күллі республика өмірінің ажырамас бөлшегіне айналды. Команда туралы кез келген жерде, кез келген адам сөз ететін болды. Оның өрлеуі мен құлдырауы, жеңісі мен жеңілісі, соққан голдары мен өткізген доптары үй мен көшеде де, қоғамдық көліктер мен кеңселерде де, мектептер мен институттарда да кеңінен талқыланды. Команда 1964 жылдың соңында жоғары топтан түсіп қалғанда да жанкүйерлер одан сырт айналмады. Ал келесі жылы төменгі лигада Ереванның «Араратымен» бірінші орын үшін таласқан ақтық матчқа дейінгі марафоны жұртшылықтың толық назарында өтті.

Бұл Қазақстанда нағыз футболдың дүмпуі салтанат құрып тұрған кезең еді. 1966 жылы «А» класының бірінші тобына (1970 жылға дейін кейінгі «жоғары лига» осылай аталып келді) қайта оралған «Қайратты» жұрт өмірге қайта келгендей қарсы алды. Осы маусымда Тимур қайтадан команда капитаны болып тағайындалды да, оны 1970 жылы ойынмен қоштасқанша ешкімге бермеді.